

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



**Жанар ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,**  
қарындасы:

## АҒАМНЫҢ ШАҢЫРАҒЫ «ДОСТЫҚ ҮЙІ»

Әке – асқар тауың. Сол асқар тауың құласа, сенің де құлағаның. Ал, құлаған тауды қайта тұрғызу мүмкін емесі ақиқат. Асқар тауымыздың құлағанына, міне, жылдың жүзінен асып барады. Әкенің жаққан шырағын өшірмей, Төлеген Рүстемовтен тараған ұрпақпыз деп ұялмай нық сеніммен айта алатындай дәрежеге жетуімізге Бақыт ағамыз көп үлес қосты. Еңбекқұмарлық қасиетін бізге де сіңіруге тырысқан ол әкеміздің асқақ арманын жалғаушы ретінде әке орнына әке, қиналғанда демеушіміз, сырласар адал досымыз да бола білді.

Ойыма ағамыздың ерлікке пара-пар, тәрбиелік мәні зор бір ісі оралып отырғаны. Алдымыз жоғары оқу орнында, ортаншымыз мектеп қабырғасында жүрген шағымызда Бақыт ағамның әкемізге айтып тың мәселені көтергені бар. Әкеміз бәрімізді жинап алып: «Балаларым, бүгінгі жиналысымыздың тақырыбын ағаларың Бақыт ұсынып отыр. Сондықтан, сөзді соған берейін», – деп қысқа қайырды. Ары қарай сөз алған ағамыз: «Бауырларым, біз өсіп-өнген, көргенді, тәрбиелі әулеттен тараған ұрпақтармыз. Ал, әкеміз ел басқару ісінде жүрген ардақты азамат. Біз өзге елге үлгі-өнеге көрсете білуіміз қажет. Сондықтан да, бүгіннен бастап кішілер үлкендерге «сіз» деп сыпайылық танытып, «аға» немес «әпке» деп сөйлейік. Сонда ғана біз бір бірімізге бауыр-мал болып өсеміз», – деді. Әлбетте, бұған бірден келісе кеттік. Содан бері арада көп жылдар өтсе де, бір бірімізге сыйластығымыз ортайған емес. Бұл жас та болса бас болған ағамның ақылдылығының айғағы емес пе?!

Студенттік шақта да қамқоршым, панам, тірегім және сырласым Бақыт ағам болғанын айта кету керек. Өмірдің сансыз әділетсіздіктеріне тап болса да мойымай, оны қажырлы қалпында жеңе білуі өзгелерге үлгі боларлық іс. Бойындағы бар асыл қасиетін балаларына үйретуден де шаршаған емес.

Осы тұста жеңгем Раушан жайында әңгіме қозғамасам маған сын. Ағамыздың алаңсыз шығармашылықпен айналысып, биікке көтерілуіне Раушан жеңгеміздің қосқан үлесі зор. «Достық үйі» аталған шаңырақта көптеген қонақтарды күтіп, қазақтың ұлттық тағамдарынан дәм татқызып, шет елдік қонақтардан тек алғыс еститін ол үйіне барғандарға «сіз» деп сыпайылық танытып, құрметтеуі арқылы өзге жақындарымызға да үлгі болуда. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегенді есте тұтып өскен текті халықтың ұрпағы емеспіз бе. Сондықтан, аға-жеңге, қуаныштарыңыз ұзағынан болып, шаңырақтарыңыздан шаттық лебі кетпесін, әрбір таң арайына, шапағатына бөлегей.



1977 жыл.



Студенттік шақ

